

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 454 Қаулысы

Астана қаласының әуежайындағы жолаушылар терминалы құрылысының сапалы аяқталуын қамтамасыз ету мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алсим Аларко Санаи Тесислери ве Тиджарет А.Ш." компаниясы Астана қаласының әуежайындағы жолаушылар терминалының ғимаратына сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар екі қосымша эскалаторды сатып алу және орнату жөніндегі тауарларды, жұмыстарды беруші және қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасауды; тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды сақтауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген ақшаның мақсатты пайдалануға бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі